



**БҰЙРЫҚ**

2024 ж. 5.01 № 1  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

город Астана

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 1335 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына және «2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 1335 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Персоналды басқару және стратегия департаменті (Қ.К. Орунханов) осы бұйрықтың орындалуын бақылауды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев



«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика  
министрі

Ә. Қуантыров

000544